



VIII Республиканский конкурс сочинений на патриотическую тему, посвященную **25**-летию Независимости Республики Казахстан

Актюбинская область

1. Досбергенов Мирас	2
2. Есболсынова Алина	5
3. Есболсынова Назымай	8
4. Жиенмұрат Фариза.....	11
5. Қажымұқанқызы Әдина.....	14
6. Мұратбек Гаухар	17
7. Сисеналы Әділбек	20
8. Төлеубайқызы Меруерт.....	23

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Досбергенов Мирас
6- сынып, Қосарал негізгі мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,Қосарал ауылы
Жетекші: Теміралы Шынар Есболсынқызы

Тәуелсіздік тұғырым

Біз тәуелсіздікті ақылмен,ата-баба
жолымен алдық деп ойлаймын
Н.Ә.Назарбаев

Тамырын тереңге жайған тарихыма көз жіберер болсам, сананы талай ой тұңғыығына батырып,көкейге талай сұрақтың келетіні рас.Біз өр Алтай мен Атыраудың сақтап қалған сарқыты,ғұннан қалған жұрнағы,үйсіннің жүріп өткен ізіміз.Біз қазақпыз!Ақ білектің күші,ақ найзаның ұшы сынға түскен жаугершілік заманда,1458 жылы Әбілқайыр хандығынан іргесін бөлген Жәнібек пен Керей Моңғолстан жеріне Шу бойы мен Қозыбасқа ең алғаш еркіндіктің ақ жалауын тіккен едік.

Он бес отауды біріктірген қара шаңырағымыз 1991 жылы ыдырады.Шығыстан алтын күн нұрын төгіп,еркіндіктің самалы есті.Көңіл көк аспанындағы қасірет бұлтты сейіліп,әнші бұлбұл шаттық әнін шырқады.

О,дүниеге жаңа сәби келді.Ол енді тәуелсіз елдің ұрпағы.Өлгеніміз тіріліп,өшкеніміз жанғанда,осы дүние есігін ашқан күнәсіз пенде.Осы сәбидің ертеңгі тағдыры үшін жанын қиған.Асқақ арманға қол созып бүгінгі бейбіт уақытты көре алмай кеткен асылдар қаншама?!Ағы мен қарасы,жақсысы мен жаманы, жасағы мен жасампазы егіз ұғым болған жаңа ғасырда сап алтындай баға жетпес байлығымыз ұлт құндылығын берік сақтауымыз керек.

Ұлан байтақ жері бар,сабырлы да еркін халқы бар,үлкен мемлекетінің өзгеге ұқсамайтын тарихы,қалыптасу,даму жолы да ерекше болды.Ата-бабадан қалған ұлан- ғайыр жерді иіріп,дербес мемлекет ретінде өз билігімізді сақтай отырып,өзгеге көңілімізді анық, дастарханы, қолы жомарт халық ретінде дамып жатқан еркін елміз.Тәуелсіздік алып келген жетістікте, оң өзгерістер де мол.Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі-еркіндік!Еліміздің еркін өміріндегі бүгінгі табыстырының бәрі де тәуелсіздіктің нәтижесі.Соның бірі- Астана. Аз уақыт ішінде көркейіп, түрленген,тәуелсіздігіміздің түлегі.Отанымыздың жүрегі-Астанамыз да елдігіміздің жаңа беттерін ашқандай,тәуелсіздігіміз әйгілеп тұр.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақстандықтар үшін айрықша оқиға. Орталық үкіметтің езгісіне шыдамаған қазақ жастары сол күні ереуілге шықты. Қазақ елі басшысының қазақ болуын талап етті. Сол үшін Мәскеу қазақ жастарын жазалау шараларын ұйымдастырды. 1991 жылы 16 желтоқсан Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялады. Бұл қазақ тарихындағы ғасырлар бойы аңсаған армандарының орындалуы. Екі ғасыр Ресей империясының отары болған, жетпіс жыл бойы Кеңес Одағының қысымын көрген Қазақстан үшін бұл күн ұлы мереке еді. Қазақстан тәуелсіздігін алып ғасырлар бойы ұмыт бола бастаған тілін, салт-дәстүрін қайта жаңғыртып, тәуелсіздік туын көкке көтерді.

Сол сандарлы кезеңде елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсірген шақта сыр бермеген егемен еліміздің биыл Тәуелсіздігіне 25 жыл толып отыр. Биылғы жылдың біздер үшін ерекшелігі осында.

"Отан отбасынан басталады" дейді халқымыз. Расында, бала кезден құлаққа құйылып, бойға сіңген асыл сөздің астарында қаншама мән -мағына жатыр. Атақ та, бақыт та, бақ та Отанын сүйуден басталады. Менің Отаным- Қазақстан. Елім барша ұлт өкілдерін бауырына басқан қаһарман халық Отаны.

Қазақстанның тәуелсіз республика болғанына биыл 25 жыл дегендей, бұл қазақ жері мен елі үшін үлкен мейрам, зор қуаныш! Осы тәуелсіздікті ата-бабаларымыз қаншама уақыттан бері аңсап келді?!

Тәуелсіздік жолында қаншалықты қан төгіліп, қаншама өмір қиылып, халқымыз қандай қиындықты бастан өткізбеді.

1991 жыл еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жыл. Сол сәттен бері міне 25 жылда өте шықты. Қазіргі әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы- қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар.

Бүгінгі Қазақстан- тек өзі тұрған аймақта ғана емес, бүкіл әлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. "Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын бастап, осынау 25 жылдың бедерінде айшылық жерді алты аттаған алып секілді, дәуір жалынан мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді"- деп Елбасымыз айтқандай, егемен Қазақстанды бүгінде барша әлем танып отыр.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Тәуелсіздік алғандағы алғашқы әрекеттердің арасында мемлекеттермен ұлттық валютасы теңгені енгізу, көршілес мемлекеттермен шекараны белгілеп алу, Конституциямызды бекіту бар еді. Ата Заңымызға сәйкес Қазақстан және қазақстандықтар ешкімнің жеріне көз салмайды, бірақ өз жерінің бір сантиметрінде ешкімге бермейді. Мұндай істердің орындалуы ерекше тарихи жетістік. Айта берсек ХХІ ғасырға жеткен еліміздің жетістігі өте көп. Дегенмен, бұл жетістіктерге жетуде еліміз көп қиыншылықты көргенін ұмытпағанымыз жөн. Өз басым тәуелсіздіктен кейін туылған буынның өкілі бола тұра, бұл егемендіктің қалай келгенін жақсы білемін. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, тәуелсіздікке зарығып жетті.

Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күнге дейін ұмытылмас оқиғалар-ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталатыны рас.

Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға халықтың өзі де жандарын пидә еткен. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ-студент жастардың көшеге шығып үндеуі, егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын.

Қазіргі таңда Тәуелсіздік барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігі-ең алдымен халқымыздың бақыты. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу біздің буынның бағыты болуы тиіс.

Осы тәуелсіздік біреу берген жай ғана сыйлық емес. Бұл тәуелсіздік ата-бабамыздың ерлігімен, бірлігімен, қайсар рухының арқасында келген -ұлы жеңіс. Ата-бабамыздың қан төгіліп келген бұл тәуелсіздігін әрқашан да мақтанышпен айтып жүреміз.

Мен осындай тарихыммен мақтанамын және де тәуелсіздігімізді қорғаймын.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Есболсынова Алина
2- сынып, Қосарал негізгі мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,Қосарал ауылы
Жетекші: Теміралы Шынар Есболсынқызы

Мен - Қазақстан патриотымын

Жеңіс кілті Отан сүюшілікте. Ол балаға
жергөкте жатқаннан бастап үйретілуі,
қанына ұлтын сүюшілік ұлттың дәстүрмен
сіңіру керек
Бауыржан Момышұлы

Патриот - Отанның мерейін үстем ету жолында, өз халқына деген сүйіспеншілігі жолында қолда барын, өмірін аямайтын адам. Патриот - ұлтын сүйетін, өз тарихын, туған тілін құрметтейтін,ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан салт - дәстүрін дәріштейтін, ұлттық қадір - қасиетімізді арттыруға үлес қосатын саналы тұлға. Туған елі үшін үнемі тер төге қызмет етіп, халқымыздың мол рухани құндылықтарын бағалай білетін асыл тұлға.

Патриоттық тәрбие,ең алдымен,әрбір жеке тұлғаның ата-анасын,туған туыстарын жақсы көруден басталады емес пе?! Өз баласына жақсы тәрбие беру кез келген адамның міндеті, мейлі ол мұғалім,мейлі ол жұмысшы,дәрігер, не тағы басқа маман иесі болсын қоғамда парасатты, адамгершілігі жоғары бала тәрбиелеу кез келген адамның міндеті болуы тиіс. Тату тірлік пен ауызбірлік жылы ұямызға арқасын кең жайғанда адамгершілік атты асыл қасиеттердің адам бойына нық қонатынына, әрине, еш шүбә жоқ. Абай атамыз айтқандай,бүгінгі жастардың дүниенің кетігін тауып, қалануды көздеу,қоғамдық өмірден қол үзбей, өз елін сүюге,өз елінің тұрмыс-тіршілігін,салт-санасын, әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеу- нарықтық кезеңде маңызы жоғары тұрған зор міндеттердің бірі деп ойлаймын.Халқымыздың тарихына терең үңіле білсек,жасынан жарқыраған күміс көмей әнші,жау жүрек батыр, нар тұлғалы палуан елі мен жері үшін аянбағаны баршаға мәлім.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге паш етті. Енді басты міндет осы мемлекеттің өркендеп өсуі. Қазақстанды-"Отаным" деп таныған әрбір адам-осы мақсатқа өз үлесін қосуы тиіс. Отанның бүтіндігін сақтау,халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы ұйымдықпен күрес ішкі,сыртқы күштерге қарсы тұрудың өзі жастардың

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Осыған орай "патриоттық тәрбие" мәселесі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, оның патриоттық санасын дамытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек ұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. Жиырма жылдық өмірін әскер қатарында өткізген Бауыржан ағамыз өмірінің соңына дейін әскер-патриоттық тақырыптарға шығармалар жазды.

Атамекен жер үшін,
Қасиетті ел үшін,

-деп екінші дүниежүзілік соғыс кезінде атақты генерал Панфиловтың 8-гвардиялық дивизиясында рота, батальон, полк, дивизия командирі қызметін атқарып, жауға қарсы соққы беріп, батальонды бірнеше рет жау қоршауынан алып шықты. Жауынгерлерге рух беріп, ерлік істерге шақыра білді.

Ел деген-алтын бесік. Біз сол бесікте тербелеміз, сол елде өсіп-өнеміз, жетілеміз, бойымызға күш жинаймыз. Түптеп келгенде, сол қажыр-қайратымызды ел болашағы жолында жұмсаймыз. Еліне пайдасын тигізу-әр адамның қасиетті борышының бірі. Өз елімізді, біз оның халқы, көркейтпесек, кім көркейтеді? Елді дамыту жолында аянбай күресу үшін әуелі бойымызда Отанға деген шексіз сүйіспеншілік қана. Әрқайсымыз "елім үшін не істей аламын" деп ойлап, бір мақсат қойып, оны орындау жолында бар күшімізді салар болсақ, еліміздің әлі жаңа белестерді бағындырып, дамудың жаңа сатысына түсері анық. "Отанды сүю ана тілін, отбасын сүюден басталатынын ұмытпаған жөн".

Біз ежелден ер деген даңқы шыққан халықпыз, ел бірлігі жолында әрқашан намысын бермеген ұланымыз. Біз алтын күн бедерлеген көк байрақты әлем биіктерінде желбіреткен елдің азаматымыз, кең байтақ жеріне бірлігі жарасқан алуан ұлт-ұлыстан тұратын біртұтас халықпыз. Біз оны зор мақтанышпен ұрпақтан-ұрпаққа табыстайтын боламыз.

Мен бақыттымын, өйткені дербес елім, тәуелсіз жерім, ана уызымен қанға сіңген қасиетті қазынам - ана тілім бар. "Ойнап айтсаң да ойлап айт, күліп айтсаң да біліп айт, әзіл айтсаң да әділ айт", "Ақылың болсаң сөз тыңда" деп отырады ғой аталарымыз. Ана тілінің байлығын пайдалана алмаған адам-пақыр, күлкіге ұшырайтын жан. Ана тілін білу-ол туған жерді, елді, Отанды, атамекенді сүйе білу деген сөз. Адам өмірін түзеуде, барлық адамдар тату тұруда негізгісі - адал еңбек, ақ жүрек, арлы, ақылды болу. Дүниеде бұл үшеуі

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

үстем болмай,адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ деп ойлаймын. Білімсіз,ғылымсыз өнер табылмайды. Сол тапқан байлықты барша адам баласының керегіне,пайдасына жарату керек. Ендеше "Ел боламын десең,бесігіңді түзе"деген дала заңы,баба заңына бағынуың керек. Елің үшін ар сақтап, адал қызмет етсең,ертеңің үшін тер төксең,келешек қамын ойлайтын ұрпақ тәрбиелесең,сонда ғана сен алмайтын қамал, сен алмайтын асу болмас!Алдағы уақытта да алған бағытымнан таймай,бар күш-жігеріммен жұмыс жасаймын. Осылайша болашақтың тұтқасын ұстар жас өрендердің бойына тәрбиенің құнды дәнегін сепкім келеді. Туған тілінде сөйлеп,Отанын, туған елін,туған жерін сүйе білуге тигтей де болса өз ықпалымды жасай алсам - ол менің үлкен жетістігім.Ал менің осы жетістігім келешекте өз Отанымның дамуы жолында зор үлесін тигізуі мүмкін.Менің кеудемде дамылдаған жүрегім бір сәт те тоқтамай соғады, демек ол туған жерінің ауасын,табиғатын сүйеді. Ал ол жүрек - менің өмірім, менің Отаным. Белгілі орыс ақыны,жазушы Илья Эренбург"Қазақтар иен далада жел жетпес жүйрік мініп дағдыланған,ал бірақ қажет болса, олар еңбектей де біледі,жүгіре де біледі, биік тауларға өрмелеп те шығады, саз балшыққа малшынып та жата алады. Оларды ешкім де,ештеңе де тоқтата алмайды",-деп, қазақ халқына сипаттама береді. Бұл сөзден қазақтың қайсарлығы, батырлығы, батылдығы көрінеді. Не нәрседен болса да қаймықпай,ерлік істер көрсете білетіндігі байқалады. Осыншалық қайсар халықты мақтана да,марқая да айтсақ болады емес пе?!Мен - өз елімнің патриотымын,себебі мен Отанымды,туған халқымның тарихын,ана тілін,салт-дәстүрін,Ата Заңын құрмет тұтамын. Халқымның рухани құндылықтарын, мәдениетін, тілі мен дінін,дәстүрін одан әрі жаңғырту жолында өз үлесімді қосамын. Өнегелі де өнерлі,адамгершілік ар - ожданы жоғары намысқой азамат тәрбиелеуде еш аянып қалмасым анық."Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс"деген еді ұлтымыздың мақтанышы, ұлы патриот атамыз Бауыржан Момышұлы. Бұл сөздің астарында өз ұлтыңды ерекше сүй,сол арқылы өзге ұлтты сүюге үйрен деген ой жатыр. Туған жерге деген сүйіспеншілігімізді көрсету үшін оның әр тасын қадірлеп, бағалай білейік!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Есболсынова Назымай
10- сынып, Қосарал негізгі мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,Қосарал ауылы
Жетекші: Теміралы Шынар Есболсынқызы

Тәуелсіздік тұтқасы - бізге аманат

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде, небір тар жол
тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, әлеуметтік -
экономикалық, саяси жаңару жолына түскен Қазақстан
бүкіл әлемдік қауымдастықтағы өз орны, өз беделі
бар абыройлы мемлекетке айналды

Н.Ә. Назарбаев

Тәуелсіздік Қазақстанға оңай келген жоқ. Бұл жолда қазақ халқы алапат
шығындарға ұшырады, мыңдаған боздақтарынан айырылды, зиялы қауымын
жоғалтты. Бірақ түбінде аңсаған арманына қол жеткізді. Халқымыз ұлт ретінде
жойылып кету қаупінен құтылды.

Соңғы жылда елімізде көптеген ауқымды, әрі ұтымды істер атқарылды.
Мемлекет нышандары өзгерді. Тарихымызды жаңғыртып, зиялылардың
есімдерін қайтарып алдық.

Ата заңымыз қабылданды. Қазақстанды,оның Президентін әлем танитын
болды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Мәдениет, дәстүр
қайта жанданды. Кезінде шетел асып кеткен қандастарымыздың ата жұртына
қайта оралуына жол ашылды.

Ел тәуелсіздігі үшін болған Желтоқсан оқиғасындағы қазақтың қайсар
жастарының өшпес ерлігі әлемді дүр сілкіндірді. Тарихи бағасын алды.

Иә, осынау тәуелсіздіктің бастауы, арқауы болған Желтоқсан оқиғасы
барша қазақстандықтардың жүрегінде мәңгілікке орын алып, өшпес тарихқа
айналары сөзсіз.

1991 жылдан бері елімізде түрлі өзгерістер болды. Қазақстан
халқымыздың ынтымағының, бірлігінің арқасында көркейіп, өсіп келеді.
Еліміздің мақтанышы, егемендігіміздің қайсары Қайрат Рысқұлбеков 22-ақ
жасында халқын сүйетінін, қорғай білетінін әлемге танытып, табындырып
кетті. Ел тәуелсіздігі үшін күрескен басқа да боздақтарымыз қаншама. Оларды
біздер ұмытпаймыз!

Тәуелсіздікпен бірге төл теңгеміз, әнұранымыз, елтаңбамыз, туымыз
өмірге келді. Еліміз елу елдің қатарына иығын тіреп келеді. 1998 жылы

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Елордамыз-Астана қаласын Есіл өзенінің бойына қондырдық. Осының бәрі мемлекетіміздің мықтылығын дәлелдейді.

"Әрбір адам артында ғибратты алар із қалдырса, шынайы бақыт-осы" деп білемін. Адамда жақсы қасиет болмаса, ойшыл-филосов Жүсіп Баласағұн айтқандай, оған бақ та, бақыт та қонбайды. Ұлтын шын сүйетін адам ешқашан елін, халқын сатпайды деп ойлаймын. Осындай адамдар көп болса, еліміздің болашағы бұдан да жарқын болары сөзсіз.

Тәуелсіз елдің ертеңі- ел мұраты. Біз-тәуелсіз елміз. Байтақ жеріміз, шұрайлы табиғатымыз, жайдарлы халқымыз бар. Елдің ертеңі болғандықтан, осы баға жетпес байлығымызды қорғауға өсіріп, өркендетуге міндеттіміз.

Ел еңсесін көтеріп, туымыз көкке желбірегелі 25 жыл болыпты. Жаңадан отбасын құрған жас шаңырақ сияқты Қазақстан өзінің мықтылығын, халқының қайсарлығын, жүректілігін көрсетті. Қаламыз, ауыл-аймағымыз көркейіп келеді. Қазақстан экономикасы дамыған елдер қатарында өркендеп-өсу үстінде. Осындай елде туып-өскеніме мақтанамын.

Тәуелсіздіктің басты жемісі-еркіндік. Кешегі бабалар қаны тамған сайын дала төсінде Астанадай алып шахардың бой көтеруі және басқа да жетістіктеріміздің бәрі-тәуелсіздіктің жемісі. Тарихты сараласақ, дұшпанды басындырмаған, басынан сөз асырмаған рухты елміз. Қазақ елі аштықты да, қызыл қырғынды да, Сталиндік репрессияны да бастан кешті. Қайсар рухты көсем Амангелділер жерін қорғауда аянбай күрессе, бар ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған бес арысымыз: Арқада -Ахмет пен Міржақып, Шығыста-Әлихан, Түстікте - Мұстафа, батыста - Халелдер халқымыздың ояну дәуіріндегі арыстар мен алыптар. Бүгінде осы жолды жалғастыратын - бізбіз. Біз - тәуелсіз елдің ұланымыз. Біздің ата - бабаларымыз ежелден еркіндікті аңсаған. Бабалар тілегі орындалып, Қазақстан тәуелсіз ел болды. Тәуелсіздік халқымыздың басты байлығы. Сондықтан әр саналы ұрпақ ел тәуелсіздігіне жауапты. Ол үшін ана тілімізді қастерлеуге, келер ұрпаққа аманаттауға міндеттіміз.

Біздің болашағымыз Қазақстан болашағымен тікелей байланысты. Қазақ болып туылғаныма мақтанатындай, мен де елімнің бір бөлшегімін.

Еліміздің егемендік алған алғашқы жылдары бар күш-жігерімізді экономикалық, әлеуметтік жағдайларды көтеруге салсақ, ендігі мақсат-сол экономикалық, әлеуметтік даму бағытымызда әлем алдындағы бәсекелестікке төтеп беру. Бұл деген Елбасының сөзімен айтсақ: "Біздің стратегиялық міндетіміз-бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу". Ол үшін біздер, жастар заман талабына қарай білім алып, еліміздің ертеңі жарқын

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

болуына аянбай еңбек етіп, тер төгіп, еліміздің экономикалық өрлеуіне үлес қосуымыз керек. Бұл,әрине,біз үшін - заңдылық, үлкен мақсат. Мұнайымен, байлығымен, қонақжайлылығымен, қарқынды дамыған экономикасымен еліміз өзге елдерге үлгі болуда. Соның айқын дәлелі-Қазақстанда өткен Саммит пен Қысқы Азия ойындары. Екеуі де жоғары деңгейдегі дайындығымен төрткүл дүниені өзіне қаратқанын теледидардан мақтанышпен көрдік. Мемлекетіміздің бұдан басқа ауыз толтырып жетістіктері жетерлік. "Мұның бәрі халқымыздың ауызбіршілігі мен Елбасымыздың темірқазықтай бағытының арқасында",-деп білемін.

Біз тәуелсіз елдің болашағымыз. Сондықтан осы бағытыммен сабағымды жақсы оқып, ата-анамның,ұстаздарымның үмітін ақтаймын. Арманым - жоғары оқу орындарының бірінде оқып, тәуелсіз елімнің дамуына үлес қосу.

Ел ертеңіне үлес қосу үшін мен де, менің құрбыларым да сабақты жақсы оқып, жастардың білімді,озық ойлы екенін дәлелдегіміз келеді. Сонымен қатар келешекте "тәуелсіздік"ұғымының қадір-қасиетіне терең бойлап, ұлтымыз үшін тер төксек дейміз. Тәуелсіздігіміз - халқымыздың ғасырлар бойы армандап, екі ғасыр тоғысында қол жеткізген бақыты. Оның іргетасының мықты болып нығаюы жас ұрпақтың терең білімі мен тиімді тәрбиесіне тікелей байланысты.

Халқымыздың тату-тәтті,бейбітшілікте өмір сүріп жатқаныма қуанамын. Мемлекетіміздің білім алуға жасап жатқан мүмкіндіктерін пайдаланып, мен де білімімді шындап, үлгілі, ұлт болашағына үлес қосатындай азамат болып өсемін.

Тәуелсіздік халқымыздың арманы еді, ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіміз құтты болсын! Тәуелсіздікті нығайта беруге атсалысайық. Бақытымызды қастерлейік! Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын!

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Жиенмұрат Фариза

1 курс студенті, Ақтөбе гуманитарлық колледжі

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

Жетекші: Шудабаева Мира Асқарқызы

Мен – Қазақстанның патриотымын

Мен нағыз патриотпын! Ата-бабам мұра етіп кеткен өзімнің ғажап тілімде сөйлеп, дәстүрімді дәріптеймін.

Қазақ даласы – мәрттік пен кеңдіктің куәсіндей дарқан дала. Дарқандық қанына сіңген қазақ баласының рухы асқақ, арманы алып, мақсаты биік болуға тиіс. Жасампаздық рух жанына серік жомарт халықтың ұрпағы жасымауға міндетті.

Мен – өзім сүйетін елдің патриотымын. Қаныма біткен қайсарлық, мұңға мұқалмас жігер мені әрқашан кеңдікке тәрбиелеп, өрлікке жетелеп келеді.

Алтай мен Атырауға, Арқа мен Алатауға дейінгі алып мекен арманыма қанат бітіріп, шабытыма шабыт қосқандай болады. Мен бақытты ұрпақ екенімді айтудан әсте жалыққан емеспін.

Тағдырдың талай тезін басынан өткеріп, теперішін көрген қаймана қазақтың бағы жанар, бабы келісер уақыты жаңа мыңжылдықтың еншісінде. Замана зары өткен халықты кеудесін жаныштаған ауыр езгіден құтқарып, қалың ұйқысынан оятуға барын салған ақын М.Дулатов:

Алыстан Алаш десе аттанамын,
Қазақты қазақ десе мақтанамын.
Болса да әкем қазақ, шешем қазақ,
Мен неге қазақтың сақтанамын –

деп жырлайды. Өршіл рухты ақын елінің ертеңі үшін жаны ышқына жар салады.

XX ғасырдың басында жүрегі қазақ деп соққан асыл ұлдарымыз атойлап алаш атын алып ұран салса, XXI ғасырдың жаңа буыны әлемге қазақ атын паш етуі тиіс. Әлем жаһандану деп жар салып жатқан алмағайып заманда түркілік тектілік пен жасампаздықты, көшпелі ұлы өркениеттің асыл жәдігерлерін, бабалар аманатын шашау шығармай, келер ұрпаққа жеткізу – біздің басты борышымыз.

Менің кеудемдегі кішкентай жүрек «Отан» деп, «Қазақстан» деп бір сәт дамыл қақпай соғады. Ол жүректе қазақтың қаны бар. Ол жүректе ұлы өркениет жаратқан алып арман, асыл мұрат жатыр. Күре тамырды бойлай аққан әрбір тамшы қан «қазақ» деп атойлайды. Мен – нағыз патриотпын. Ұлы елдің, ұлы даланың ұрпағы екенімді мақтан тұтамын. Жаратылысымнан даланы сүйетін жаным оның әрбір сайы мен саласын, тауы мен тасын

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

мейірлене құшады. «Қазақ» деген атауды естісем көзіме жас келеді. Бұл – бақыттың жасы екендігінде шүбәм жоқ. Іштей әлдебір дауыс жетелеп, кеудемді керген мақтаныш сезімі кішкентай жүрегімді жарып жіберердей қуанамын.

Белгілі орыс ақыны, жазушы Илья Эренбург: «Қазақтар иен далада жел жетпес жүйрік мініп дағдыланған, ал бірақ қажет болса, олар еңбектей де біледі, жүгіре де біледі, биік тауларға өрмелеп те шығады, саз балшыққа малшынып та жата алады. Оларды ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайды», - деп өршіл рухты халықтың тұтас намысы мен жасампаз рухына баға береді.

Дала өз тәрбиесі бар. Мен – Ұлы Дала Елінің ұрпағымын. Жазылмаған дала заңы сәл қисықтау кеткен тентегін жөнге салып, түзеп отырған. Сөз деп аталатын құдіретке бас иген халықтың тәрбиесі мен тағылымын осыдан-ақ байқауға болады.

Ұлы Даланың ұлы рухын мәңгілік жан азығы, жасампаз болмысы еткен қазақ халқы мәрттік пен кеңдікті, еркіндік пен ерлікті жүрегіне сіңіріп, бойына дарытып өткен. Алып мекен жаратылысынан жанына рухты болмыс сыйлаған көшпелі халықтың еркіндігіне ешкім де тосқауыл бола алмайды. Бұлқынған бұла сезім, арманға, алысқа ұмтылған асыл рух қазақ деген халықтың жүрегінде мәңгілік орын тепкен.

Тағдыр талайында сан алуан зұлматты басынан кешірген дара халықтың тарихы сонау тереңнен басталады. Тілі бай, ғұрпы дара, тағдыры бөлек халықтың маңдайына тәуелсіздік деген бақыт жазылыпты. Сол бақыттың бүгінгі куәсі, біз, жастар әрқашан оны бағалауға тиіспіз.

Халқының болашағына сенген ақын Ж.Молдағалиев:

Шалқы, қазақ, шалқитын заман келді,
Текке қанын төккен жоқ елдің ері.
Кең далаңда керіліп, атыңды атап,
Жырла, қазақ, жаңа күй, жаңа ән келді, -

деп аспандата жырлайды. Шын мәнінде, біз – азатпыз. Азаттық таңы әрқашан күлімдеп атуы тиіс. Атырапқа мен алашпын деп ұрандап, азатпын деп жар салу – бабалар мұрат тұтқан сәт болатын. Мен қазақ жерінде дүниеге келгенімді мақтан етемін.

Мен туған халықтың өрлігіне тамсанған, өршілдігінен тайсалған II Екатерина: «Қазақтар өздерінің кім екенін білсе, әлемді жаулап алады» десе, Семенов-Тянь-Шанский: «Бұларды оқытудың қажеті жоқ. Салт-дәстүрлері түгел тұнып тұрған білім!» деп баға береді. Сол текті елдің ұрпағының бүгінгі болмысы қандай? Бұл сұрақ көпшілікті алаңдатып жүргені анық. Алайда рухы мықты елдің ұрпағы ешқашан аласармайды дегім келеді.

Тәңірісін көкке балап, өзін Көк бөрінің ұрпағы санайтын текті елдің тегеуріні мықты ұрпағы болуға барымды саламын. Даланың қасиеті дарыған

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

көкжалдық болмысымыздан әлі кеткен жоқ. Ол – қанмен біткен қасиет болғандықтан біздің рухымызбен бірге жаратылған дүние. Бұл ретте түрік халқының ұлы Намык Кемал Зейбек: «Қазақ халқының мәдениетінің, рухының қаймағы бұзылған жоқ. Тегі – сол тек, ол – «көк бөрі». Қанша дауыл соқсын, үскірік аяз шалсын қиындықтарды жеңіп, даламен де, қаламен де, жалпы әлеммен бірге үндестікте келе жатыр. Бұл көкжалдық емей немене?!» деп нықтап берген болатын.

Жауынгер халықтың ұланы болғаным үшін тағдырыма шексіз ризамын және де бұл сөзді қайталай бергім келеді. Біздің әрқайсымыздың санамызда «Еліміз бізге не береді деп емес, біз Қазақ елі үшін не істей аламыз» деген мақсат болуы керек.

Мен дүниеде Қазақстаннан асқан байтақ, әдемі, қонақжай мемлекетті көрмедім. Тіпті қанша ғажайып өлке болса да, менің туып өскен жеріме – Қазақстаныма жетпейді.

Ұлттың негізгі болмысын даралайтын қасиетті қазына ол – туған тілі. Ұлттық рух, ұлттық мәдениет, әлемді ұлт жүрегімен тану – барлығы да осы туған тіл арқылы беріледі. Сонда ғана сен шын мәнінде туған еліңнің нағыз патриоты бола аласың. Олай дейтін себебім, өз еліңнің патриоты болу – ана сүті арқылы даритын қасиет. Ал ана тілі – ана сүтімен қатар жаратылған, баба қанымен бірге даритын асыл қазына.

Рух пен руханилықты сақтаймын десең, ұлы өркениет жәдігері – бабаңның тілін қорға, жас қазақ!

Мен бұл жолда барымды беруге дайынмын. Мен – әлем таныған, әлем мойындаған қазақ деген халықтың ерке ұланы – Қазақстанның патриотымын!

Патриотпын «қазағым» деп лүпілдеген жүрегі,
Халқыменен байланысқан бүкіл арман-тілегі.
Елді сүю, жерді сүю мұның өзі – бір төбе,
Қазақ болу – ұят емес, баға жетпес мәртебе.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Қажымұқанқызы Әдина
7- сынып, Қосарал негізгі мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,Қосарал ауылы
Жетекші: Теміралы Шынар Есболсынқызы

Тәуелсіздік - қол жеткен мұрат

Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол
тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз,
қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның туын,
елтаңбасын, әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет.

Елдігіміздің сыналатын бір тұсы осы
Н. Ә. Назарбаев

Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. 25 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өтіп келеміз. Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың асыл арманы, мақсат-мұраты еді. Ол күнге жетіп отырған өзімізді бақыттымыз деп есептейміз. Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі-Тәуелсіздік.

Тәуелсіздік... Осы бір ғана сөздің астарында қаншама қайғы-қасірет, қаншама жүрегім, елім, жерім, халқым деп соққан, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты жастарымыз бен ұрпағым деп қасықтай қаны, шырқыраған жаны қалғанша ұлтарактай жері үшін, атамекен елі үшін жанын пидә еткен ата-бабаларымыздың рухы жатыр.

Тәуелсіздік-тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма бес жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар атқардық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік - біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы Тәуелсіздіктен бастау алады. Дәуір жасампаздығы сенімді және серпінді дамуға байланысты. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті елдерінің қастарына қостық. Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді, және ділімізді қайта

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт - дәстүрімізді жандандырдық.

Егемендік! Тәуелсіздік! Осыдан 25 жыл бұрын бұл сөздердің қаншалықты мағыналы екенін біз дәл қазіргі уақыттағыдай түсінбеген шығармыз. Ешкімге тәуелді болмауды арман еткен Кенесары секілді айбарлы ханымыз, Наурызбай, Ағыбайдай айбынды батырларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен күресіп құрбан болса, Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді дуалы ауыз билеріміз ел тыныштығын сақтады. Сол заманнан бері азаттық, егемендік елімнің арманы болды. Халқының қамын жеген ата-бабаларымыздың қайсар ұрпағы 1986 жылы арман еткен тәуелсіздіктің, азаттықтың туын көтереді.

Тәуелсіздіктің түп тамыры Желтоқсан оқиғасына тікелей байланысты екендігіне ешкім дау айта қоймас. "Түбін білмеген-тексіз" дейтұғын қазақтың ғажап сөзі осындайда шықса керек. Себебі тәуелсіздіктің түп тамыры сонау бабалар арманынан туындап жатқан жоқ па? 1986 жылы қазақтың рухын мүлде құртпақшы болды. Жанартаудай бұғып жатқан ұлттың ыза-кегі сыртына бұрқ етіп, қазақ жастарының көтерілісі басталды. Қанша жыл, қанша ғасыр өтсе де ұмытылмайтын оқиғалар болады. Ұмытылмайтын себебі ол оқиғалардың халық тағдырымен байланыстылығында. Қоғам құрсағында жетілген қайшылықтардың салдары ретінде көрінген мұндай құбылыстардың талайы тарихтан белгілі. Соның бірі - дүниені дүр сілкіндіріп тәуелсіздік туын ең алғаш көтерген әйгілі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. "Елім бар жұрт едім ғой, елім қайда, төрім бар жұрт едім ғой, төрім қайда?" дейтін қаһарлы ұранмен желтоқсанның үскірігіне қарамай ұл-қыздарымыз жойқын батылдығымен дүниежүзін дүр сілкіндірді. Бұл 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы-қазақ халқында бұрын болмаған ең ауыр көтерілістің бірі. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан ағаларымыз бен апайларымыздың арқасында ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Қылбұрауға маталған қазақ халқы да 1986 жылдың желтоқсанында тар жол, тайғақ кешуден өтті. Қазақтың басы бірігіп, бір жұдырықтай жұмылған әрі қайғылы, әрі бақытты күн сол еді. Желтоқсан жаңғырығы көзден де, көңілден де кетпейді. Желтоқсан оқиғасынан кейін елімізде көптеген өзгерістер болды. Ұлттық сана-сезіміміз оянып, тәуелсіздік туын көтердік. Қазақтың құрсағы қашанда қайратын жиып, елдіктің туын мығым ұстаған талай ерлерді тарих сахнасына әкелді. Тарыдай шашырап, жер бетінен жойылып кетер шақта қазақтың басын біріктірген, тәуекелге бел буған Абылай хан еді. Бірақ Ресей мемлекеті өз

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

мақсаты үшін жерімізді отарлап, халықты аяусыз езгіге ұшыратты. Осы саясатқа көзін жұмып қарап отырған жергілікті хандар мен билерге, орыс үкіметінің озбыр саясатына қарсы Исатай мен Махамбет, Кенесары, Сырым, Есет, Нұрмұханбет бастаған және тағы басқа қаншама көтерілістер найзағайдай бұрқ етті. Енді бұрынғыдай атқа мініп, зеңбірекке қарсы шауып, қанға бөккеннен мән шықпайтын еді. Ендігі жол-қараңғы халқының санасына сәуле шашып, өнер-білім арқылы ұлттық санасын оятуды ойлаған қазақ зиялыларының жолы. Олардың ізашары-ұлы Абай. XX ғасырда ұлттың ұлт ретінде өзін тануы үшін "Ұлттың болашағы не болады?" деген сұраққа жауап іздеген ұлт зиялылары тарих сахнасына көтерілді. Олар Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров т.б. еді. Қазан төңкерісінен кейін ұлт зиялылары "Алдымен мемлекеттімізді құрып алайық, қалғанның бәрі содан соң болады?" деп Қазақ Автономиясын жариялады. Бұл ұлы қадамның көшбасшылары Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай еді.

Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін ана тіліміз "Мемлекеттік тіл" деп бекітілді. Азаттық қазақ халқының ежелгі арманы еді, талай қиындықты бастан кешірді. Бірақ ешқашан мойымады, күресе білді, азаттық таңы туатынына кәміл сенді. Біз ана тіліміздің ұрпақтан-ұрпаққа қастерлеп жеткізер қасиетті қуанышы мен қызығына қызмет етеміз. Қазақстан - тәуелсіз мемлекет. Мемлекетіміздің тарих тағдыры, мақсаты тіл арқылы баянды болмақ.

Тіл-байлығымыз, төл тарихымыз, тіл-мәдениетіміз, тіл-әдебиетіміз. Тіл-біздің ұлттық намысымыз, арымыз. Ана тілімізді қастерлеп, құрметтей білу-біздің қасиетті борышымыз.

Тәуелсіздік біздің алдымыздағы жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолдан бұлтармай алға баса береміз. Осы бақыт үшін баршамыз тәубә дейміз, осы жолда біліміміз бен білігімізді, қайратымыз бен қабілетімізді, қажет болса жанымыз бен қанымызды аямай жұмсаймыз. Тәуелсіздік-ата-бабаларымыздың бізге аманаты. Ал біз еліміздің тәуелсіздігінің асқақтай түсуіне әрқашан да дайынбыз. Әрқашан да Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы болып, егемен елдің ұрпағының еңсесі биік болсын! Қазақстанға оңай келмеген Тәуелсіздікті қастерлей, қадірлей білейік!

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Мұратбек Гаухар

**5- сынып, Қосарал негізгі мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,Қосарал ауылы
Жетекші: Теміралы Шынар Есболсынқызы**

Тәуелсіздік - ұлттық өрлеудің ұлы күші

Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен,
беттен қағар желінің есуінен тайсалмауға тиіспіз
Н. Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі геосаяси кеңістікте танылып, дүниежүзінің саяси картасынан егемен мемлекет ретінде нық орын алды. Қазіргі кезде Қазақстан егеменді ел,тәуелсіз мемлекет ретінде әлемнің көптеген елдерімен саяси, экономикалық және мәдени байланыстарын жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылы 16-желтоқсанда Тәуелсіздік туралы жарлығы жарияланысымен-ақ дүниежүзінің құлағы елең етіп, егемендігін алған ерікті Қазақстанды әлем мойындай бастады. Халықтың өніп-өскен топырағы Отанды қорғау қашанда ең ардақты іс болып саналған. адамның азаматтылығы, рух биіктігінің деңгейі ата-бабасынан қалған асыл мұрасы-Атамекенін, ұлттық келбеті -ана тілін, салт-дәстүрін,өнерін қастерлеумен,осынау ұлттық игіліктердің бөгденің табанына тапталып жойылмауын қамтамасыз ететін мемлекеттік тәуелсіздікті қорғаудағы еңбегіне қарай бағаланбақ. Бұл күнде Қазақстан әлемнің өзге өркениетті елдері сияқты жаңа ғасырдың табалдырығын тең аттап отырған ел. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан - әлемдік аренадан өз орнын ойып алған, Азия мен Еуропаны мойындата білген рухы биік қайсар елдің мекені. Тәуелсіздік! Қандай киелі сөз. Осы бір құдіретті сөздің тереңіне көз жіберіп,ой елегінен өткізсек, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл арманы, азаттық жолында құрбан болған талай боздақтардың ұрпақтарына қалдырған аманаты екені сөзсіз. Тәуелсіздіктің ең басты жемісі-еркіндік. Біз ежелден ер деген даңқы шыққан халықтың ұрпағымыз, ел бірлігі жолында әрқашан намысын бермеген халықтың ұланымыз. Біз алтын күн бедерленген көк байрағын әлем биіктерінде желбіреткен бейбітшіл елдің азаматтарымыз, кең байтақ жерінде бірлігі жарасқан алуан ұлт - ұлыстардан тұратын біртұтас халықпыз! Ата-

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

бабамыз аңсаған азаттық таң, армандаған тәуелсіз күн арайлап атып, көк байрағымыз көкте желбіреді.

Тәуелсіздік-елдіктің киелі кепілі, келелі келешегіміздің, ұлттық татулығымыздың нышаны. Осынау тәуелсіздіктің бастауы,арқауы болған желтоқсан оқиғасы барша қазақстандықтың жүрегінде мәңгілікке орын алып, қазақ жұртының өшпес тарихына айналып қалары сөзсіз. Біздің мақтанышымыз - елі үшін, жері үшін жанын пидә еткен асыл азаматтарымыз, желтоқсан құрбандары.Қазақстандағы 1986 жылғы қазақ халқы жастарының серпілісі азаттық қозғалысы шежіресіндегі ең бір жарқын белес болып табылады.."Желтоқсан көтерілісі-ғасырлар бойы жиналған ашу-ыза жарылысы,яғни біздің халқымыздың тіл мүддесі, рух мүддесі-осының бәрінің қосындысы ашу-ыза тудырғаны шындық. Қазақ халқы орыстардың қол астында бола отырып азаттық пен тәуелсіздікті аңсау кезінде түрлі деңгейдегі 300-ден астам ұлт-азаттық көтерілісін өткізді. Соның қорытындылаушысы, егемендікке бастаған көтеріліс-желтоқсан көтерілісі"деді ақиық ақынымыз Мұхтар Шаханов. Демек, бұл әшейін ауыз толтырып айтуға қана жарайтын оқиға емес, бұл шын мәніндегі елді, бүкіл Кеңестер Одағын елең еткізген, күш қолданып басуға мәжбүр еткен көтеріліс екендігінде дау болмаса керек. Қазіргі таңда 16-17-желтоқсанды тәуелсіздік мейрамы етіп жариялады.Сондықтан 16-желтоқсан қасіретті күн екендігін жадымызда сақтап әрі тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы талпыныстардың ақталған күні екендігін сезінуіміз қажет. Бұл күні қара жамылып отыру орынсыз. Сол себепті де"Арманға да қол жеткізген күн"деп шаттық ретінде атап өтіп, екінші жағынан желтоқсан құрбандарына да тағзым ете жүруіміз керек. Олар да ел жадында мәңгі сақталмақ. Біздің арымыз да, намысымыз да, мақтанышымыз да - Желтоқсан. Ұрпағы ұлы елдің ешқашан шаңырағы шайқалмақ емес. Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген 25 жылдың ішінде әлемге әйгілі, саяси тұрақты әлеуметтік - экономикалық, өзіндік даму жолына таңдау жасады. Тәуелсіздіктің толағай табыстары Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасы-туған халқын, сайын даласын жанындай сүйетін кісі. Мұны сөзімен де, ісімен де, жүрегін жарып шыққан өлеңдерімен де дәлелдеп келеді. Тәуелсіздікке жету қандай қиын болса оны сақтап қалу одан да қиын. Басқару жүйесі жолға қойылған баяғыдан бар бай мемлекетті басқару да оңай емес. Ал күл-талқаны шығып қираған, экономикасы қисайып қалған елде жанадан мемлекет құру қияметтің қыл көпірінен де қиын екені анық. Еліне арқа сүйеген Елбасы өзіне тән кемел ойлы кемеңгерлікпен тәуелсіз мемлекет құрды.Кемел ойлы кемеңгер

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңашыл дарынымен, елдің жасампаз еңбегімен өмірген келген Астана қаласын көрген небір көнекөздер мен саясат сахнасындағы белгілі, беделді тұлғалар талай мәрте таң қалып тамсанды. Астана - дүниежүзілік сахнада бейбітшілік пен келісім ордасы. Астана-батыс пен шығысты байланыстырып жатқан алтын көпір. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Астана-Отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі" деген қанатты қағидасы, барлық қазақстандықтардың жүрегіне нұр шуағын құяды. Тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл толғалы отыр. Осы кезде өмірге келген өскелең ұрпақ азамат болды. Олар есейіп, егемен еліміздегі әртүрлі мемлекеттік құрылымдарда өз орнын табуда: бірі Назарбаев атындағы зияткерлік мектептерде білім алып жатса, бірі Президентіміздің "Болашақ" халықаралық стипендиясымен шетелде білім бұлағынан сусындап оқу оқуда, енді бірі еңбекке араласа бастады. Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүниежүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы - біздің мемлекеттің тәуелсіздігінде. Тәуелсіздік ехелден халқымыздың, талай ғасырлардан бері ата-бабаларымыздың көксеген арманы болғаны - тарихи шындық. Сондықтан бұл тарихи шындықты әрбір қазақ жүрегімен түсінетіні хақ. Тіпті өзімізді былай қойғанда әлемнің көптеген озық елдерінің басшылары тарихи шындықты мойындап, қазақ елін құрметтейтінін көріп отырмыз. Мемлекеттік тәуелсіздігімізді жария еткен алғашқы сәттен бастап бүгінгі күнге дейін көрген жақсылығымыз, дербес Қазақстан мемлекетінің қуаттануы мен абаттануы ең алдымен Елбасының еңбегімен және көрегендігімен тікелей байланысты. Бұл-қазақ халқының маңдайына біткен бақыты мен мақтанышы, елдің бүгінгі жарқын өмір сүруіне жасалып отырған нақты кепілі. Дербес ел болып, уығымызды қадап, шаңырағымызды көтеріп, ерікті еркін мемлекетімізді құрып, Қазақстан Республикасы атанып, көк байрақ туымызды желбіретіп әлемге әйгілі болуымыздың өзі-осы Тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасы. Олай болса Тәуелсіздігімізге шаң жұқтырмай, оны ең қымбат бұйымымыздай құрметтеп, келер ұрпақтар қолына аманаттап тапсыруға тиіспіз. Сонда ғана Тәуелсіздігіміз мәңгілікке мирас болмақ.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Сисеналы Әділбек

**10- сынып, Қосарал негізгі мектебі,
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қосарал ауылы
Жетекші: Теміралы Шынар Есболсынқызы**

Алтын тұғыр – Тәуелсіздік

Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды
етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халық-
аралық қауымдастықтағы беделінің өсуіне
қызмет етуге парыздармыз
Н.Ә.Назарбаев

Ең бірінші, шүкіршілік ететінім – Тәуелсіздігіміз! Тәуелсіздік – тәңірім мәңгілікке мөрін басқан қазақ халқының төлқұжаты. Бүгін де тәуелсіздігімізге, азаттығымызға, дербестігімізге 25 жыл толып отыр. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсыншы тек! Сонда ғана барлығы осының аясында жүзеге асады. Арайлап атқан алтын таңның, шуақты күннің, алаңсыз қуаныш пен бақыттың, еркіндіктің қалай келгенін үлкен жауапкершілікпен сезінем де, күңіренем... Азаттық жолында көп қан төгілді – ау. Бұл жолда бұған дейін қаншама ұлтшыл батырларымыздың көтерілісі болып өтті десеңші. Бірақ, өз нәтижесін бермесе де, олар – ел қамын ойлап, еркіндікке ұмтылған батырларымыз. Көп жыл бойы сары орыстың боданында болсақ та, қазақ халқы – тілін, дінін, мәдениеті мен әдет – ғұрпын ұмытқан емес. Себебі, қазақ текті ұлт және арғы бабамыз рухты болған.

1986 жылы желтоқсанда «Жаңа алаңға», яғни «Брежнев» алаңына жиналып, жастардың көтеріліске шығуы, соңғы сенім, соңғы үміт, ақырғы бас көтеру болды. Ызғарлы желтоқсанның суығына тоңып, ақ қарға қаны төгіліп, аяусыз жазаланып, құрбан болған апа – ағаларымыздың өр рухы мәңгі өшпейді. Бостандыққа ұмтылған Қайрат, Сәбира, Ербол, Ләззат сынды белсенді, ұлтшыл, жалындаған жастарымыз жастайынан қыршын кетті. Барша жастардың сол кездегі тілегі мен бір – Тәуелсіздік. 1986 жылы 17 – 18 желтоқсан аралығында өткен бұл көтеріліс тарихта - «Желтоқсан көтерілісі», - деп, ойып тұрып жазылды. Сол кезде кегі мен қаны кеткен, қаншама боздақтар мен бүгінгі тәуелсіздік ұрпақтары үшін, Желтоқсан оқиғасы – қайғы мен қуанышты қатар әкелді. Бұл көтерілістің шығу себебі: ең бірінші, қазақ компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаевтың орнына, халыққа

**ҮІІ Республикаский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

ескерту мен ақылдасусыз билік басына басқа ұлт өкілі Геннадий Колбинді тағайындауы және қазақ жастарының тәуелсіздігімізге ұмтылысы еді. Ереуілде болған жастарымыздың барлығы тұтқындалып, жала үстіне жалған жала жабылып, ақталу мүмкіндігі мүлде болмады. Бірақ, ұлтшыл азаматтарымыз өздерінің не үшін олай жасап, неге бұлай істеп жатқанын, не істегенін анық сеніммен біліп, аққа – Құдай жақ екендігін түсінді. Өз елінің қамын ойлап, мына біз болашақ ұрпақ үшін аямай жанын берген сол кездегі апа – ағаларымыздың рухына мәңгі бас иіп, мың алғыс айтамыз. Сондықтан, тәуелсіздік құрбандарын тек желтоқсан айында еске алып, бас игеніміз жарамас, әрқашан есте сақтап, тағзым етіп жүргеніміз дұрыс.

Желтоқсан оқиғасы өз нәтижесін беріп, азаттыққа анық аяқ бастық. 1991 жыл еліміз үшін қуаныш пен өкініш әкелген, Тәуелсіздікке алғаш қадам басқан, жас мемлекетіміздің Қазақстан деген күллі әлемге танылып, әлем сахнасында өз орнын тапқан жылы болды. 1991 жылдың 16 – желтоқсанында Қазақстан Республикасы Жоғары сессиясы: «Тәуелсіз демократиялық және құқықтық мемлекет» , - деп, жариялады. Яғни, еліміз өз дербестігін алды. Міне, сол күннен бері бүгінде 25 жыл өтіп, мемлекетіміз қарыштап дамып, тамырын тереңге жайып, орнығып алды. Елі мен халқының ақ батасын алып, ақ киізге көтеріп хан сайлап, 1991 жылы 1 – желтоқсанда өткен ең алғашқы бүкілхалықтық сайлауда 98,7% басым дауыспен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланып, ел тізгінін қолға алды. Ал мемлекетімізді мәдениет пен спортта танып білу үшін, 1992 жылы 4 – маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер – Елтаңба, Ту, Әнұран бекітілді. Бұлардың барлығы тәуелсіздік аясында жүзеге асты. Ал, тәуелсіздікті боздақтарымыз алып берді. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен мыңжылдыққа егемен ел болып және тұсауын үзе шапқан жылқыдай болып аттадық. Әр жеке тұлғаның өніп – өсуіне, өркендеуіне еш кедергі жоқ.

Қазір тәуелсіздік алып, бесігімізді түзедік. Бұл жолда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі зор. Еліміз қарыштап дамып келеді. Астанадағы "Қазақ елі" монументі - тәуелсіздік символы. Қазақ халқының қилы тағдырымен жеткен, қуанышы мен қайғысы, бүгінгі мен өткенін суреттеген монумент - соның айғағы. Осындай керемет дәуірде өмір сүріп жатқаным, жаңа тәуелсіз елдің азаматшасы болғаным үшін өзімді бақытты санаймын.

Еңсемізді тіктеп, егемен ел атанып, тәуелсіздігімізді алып, туымызды желбіреткелі бері 25 жыл болыпты. Сан ғасырларды қамтитын тарих тұғырынан алып қарағанда, арманға қол жеткізген біз үшін оның әр күні жылдарға бергісіз жетістіктерге жетелеумен өткені ақиқат.

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан осы 25 жылда қаншама қиындықтарға жолықса да, тастай берік төзімділіктің арқасында жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты.

Қазақ халқының басынан қилы-қилы оқиғалар өтті. Талай қиын кезеңнен сүрінбей өтіп, талай құрсаудан бұлқынып шығып, тәуелсіздікке жеткен еліміздің сайын даласы талай рет қанды қақтығыстардың куәсі болғанын тарихтан білеміз. Тарихта теперіш көрген халық аз емес, бірақ қазақ халқы сияқты "мың өліп,мың тірілген"ұлт жоқ. Жоңғардың жорығынан тайсалмастан, патшалық Ресейдің аярлығынан, қызылдар қырғынынан қаймықпастан бейбіт күнге жеткен халқымыз қандай өміршең? Иә,азаттықпен қауышу үшін ата-бабамыз талай майдандарда келешек ұрпақтың болашағы мен бақыты үшін күресіп, тек алға ұмтылды.

Мен ата – баба армандаған сан ғасырлық арманы тәуелсіздікті мәңгілікке сақталып қалуға ант етемін. Бейбіт күннің куәсі болып туғаныма қуаныштымын. Тәуелсіздік – елге арман болған үміт сәулесі. Қазір, Тәуелсіздік Қазақстанның алтын тұғыры. Сондықтан, алтын тұғырымызды төменге түсіріп төмендетпей, оның орнына қайта биіктетіп, шарықтау шегіне жеткізіп, мәңгі ұстап қалайық.

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

Төлеубайқызы Меруерт
9 класс Б.Алманов атындағы орта мектебі
Ырғыз ауданы, Ақтөбе облысы
Жетекшілері: Мұхтарова Ғазиза
Қалмағанбетова Нұргүл

Ерліктің белгісіндей ару-ғұмыр...

... Авторы есімде жоқ. ұмытпасам «Жас алаш» газетінен ғой деймін, «Мәңгілікке ұмтылған тоғыз тырна» деп аталатын мақаланы оқығам... Ресей елінің Самара облысындағы Үлкен Киннель өзенінің жанындағы тік жарқабақ пен сол жарқабақтың үстінде орнатылған солдат Анасы мен оның тоғыз перзентінің құрметіне қойылған керемет ескерткіш бар екен. Мақаланы оқыдым, ескерткішті көрдім де, қайран қалдым, қараптан-қарап көзіме жас тығылды. Өмір бойы күйеуі мен балаларының тілеушісі болып келген қайран Ана жүрегі ғұмыр бойы күткен үмітінің бір-ақ сәтте тасқа айналғанын көтере алмады ма, әлде барлық аналық мейірімін соғыс ұрлаған қатыгез тағдырына налыды ма соңғы —«қара қағаз» келген күні бұл өмірден жүріп кетіпті. Сол анаға, ерліктің Анасына қойылған ескерткіш сонау көкжиекке — балалары кеткен жаққа сол күйі қалт етпестен қарап тұр. Кеудесі шыраққа, жанары үмітке толы, келбетінде арманын сағынышқа суарған мұң бар секілденеді. Өз халқына деген шексіз махаббаттан тұратын төзім арқалағандай... Ана мүсінінің үстімен мәңгілікке ұмтылған тоғыз тырна әлдеқайда тыраулап ұшып бара жатыр...

Ана, қашан да Ана! Орыс солдаты Анасының жүрегіндегі асыл арманы, бойындағы ерлігі мұны бір барлық Аналардың мұратымен астасып жатты. Қайнаған еңбек даласында жаулығы желбіреп, әлсін-әлсін көкжиекке көз тастап, бұлдыраған сағым арасынан қараңдаған сұлба іздеп үміттенген Аналардың бел қайысар қасіретін шертіп тарих беттері қан жылайды.

Осы мақаланы оқи отырып, зілмауыр қасіретті, қайғыны нәзік иығымен арқалай білген қазақ әйелі,

«Бала дәурен өтті ғой құйындаған,
Балы менен шекері бұйырмаған»,

деп жылай жүріп, көкелерін сағына жүріп ержеткен соғыс жылдарындағы балалар, рухын құлатпаған, жігерлері жасымаған, ерлік пен

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

батырлықтың үлгісін көрсеткен аталарымыздың ерліктерін еске түсірдім, түсірдім де «өзім жығылсам жығылайын, бірақ халқымның туы жығылмасыншы» деп өзін құрбандыққа шалған бабаларымыздың бүгінгі ұрпағының атынан бас иіп, тағзым еттім...

Қандай ғана анадан туады адам
Сәбилердің ұйқысын қуалаған?!
О, Тыныштық!
Тыныштық, қандай рахат!
Қандай рахат сәбилер жыламаған

Соғыс балалық бал дәуіріне жазылмас жара, көкірегіне қорғасындай өшпес дақ қалдырған 41-ші жылдың балалары... Олар туралы біз Д.Исабековтың, С.Мұратбековтың, Б.Соқпақбаевтың, Т.Ахтановтың шығармаларынан оқып-білдік, біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ соғыс салған жараның ізін соғыста жараланып, майдан даласына аяғын қалдырған бүгінде арамызда жоқ ауылымыздағы Ерғали атаның, соғыс зардабынан қос жанарын жоғалтқан Дүзелбай атаның әжім торлаған жүздерінен байқадық, олардың қанға шомған тарихтан шерткен сырларынан түсіндік, «Сендер соғысты көрмесендер екен, соғыстың соңғы куәгерлері біз болайық» деп күбірлейтін әжелеріміздің арман-тілегінен ұғындық.

Қабаққа қайғы қондырған, сәби жүректерді дір еткізген сұрапыл соғыс өрті шарпымаған шаңырақ аз болды ма, сірә?

Белін шарт буынып, қолына күрек – кетпенін ұстаған келіншек, жарын күткен әйел, жалғызын жоғалтқан Ана, әкесін аңсаған бала Батысқа қарап елеңдеп, соғыстың қайғы – қасіретін арқалай жүріп ұлы Жеңісті жақындатты. Ел басына күн туғанда ер – азаматтарымен тізе қосып, атқа қонған «ерліктің қос қанаты» Әлия мен Мәншүк, жаулары «қанатты түнгі мыстан» деп сескенген, достары «қазақтың қыран қанатты қызы» деп масаттанған Хиуаз апаларымыз болашағымызға бағдаршам болып ақсақал тарихымыздың көшбасында тұр. Қаһарлы соғыс жылдары мұз жастанып, қар кешкен, ерлермен қатар сапқа тұрған қазақтың қайсар қызы Әлия апамыз бүкіл халқымыздың қанына тән қасиетті танытты. Қазақтың қаршадай мерген қызы алған бетінен қайтпайтын табандылығымен ұрпаққа өнеге болатындай ерлік көрсетті, ол бар болғаны 19-да еді. Бой түзейтін қыз-ғұмыры қанға боялып, сән түзейтін шағында ажал құшты. Оны жалындатқан да, жасытпаған да – бойдағы

**ҮІІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

кез келген ер адамға біте бермейтін көзсіз батырлығы, Отанға деген сүйіспеншілігі.

Ал, соғыс басталғанда «ағайым да, апайым да жоқ, фашистерді жою үшін майданға өзімді жіберіңіз», деп 18-жасында өтініш жазған Мәншүк ерлермен қатар қиындықтарды өткерді, ну ормандардан өтті, судан жүзіп өтіп, жер жорғалап, пулемет атып үйренді, сол қан майданда Мәншүк 22 жасында ерлікпен қаза тапты. Гүл ұстайтын нәзік саусақтары зілдей ауыр «Максимканы» сүйрей жүріп соғысты. «Мәншүк» деп еркелетер есімін наздана жүріп естімеген қазақтың қайран Мәнсиясы-ай !!! Кез келген қыз аңсайтын мөлдір махаббатын отқа оранған майдан даласына ауыстырған Қыз – ғұмырлар жүректеріне гүл тағылмаса да, Отан жүрегіне гүл болып мәңгілікке өсіп шықты. «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған «Шығыстың қос шынарының» есімдері тарих парағының алтын әріптермен жазылып қалды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында әйгілі ұшқыш Марина Раскованың полкінің құрамында болып, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен Хиуаз әжеміз жау тылында есепсіз аспанға көтеріліп теңдессіз ерлігі үшін «қанатты қыз» атанды. Неміс – фашистерінің ошағын тып – типыл етіп, бомбалаған жауынгерлік ерліктері ұшан – теңіз, 300 – ден аса әуеге көтеріліп, жаудың әскери техникасын талқандауда асқан ерлік көрсеткен Хиуаз Доспанова соғысты Берлин түбінде аяқтап, Жеңіс күнін Мәскеудің Қызыл Алаңында тойлаған. Өкініштісі сол, көк аспанда қыран болып самғаған Хиуаз әжеміздің ерлігі де, есімі де көп жылдар бойы тиісті бағасын ала алмай, тек Жеңістің 60-жылдығында ғана жасы 80-нен асқанда Елбасымыздың жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы берілді.

Ия, осылайша ел басына күн туған шақта Қазақ Қызы тек мейірімділіктің, төзімділіктің, табандылықтың ғана емес, ерліктің де айнасы екендігін дәлелдеді.

Шынында да осындай Қазақ Қызы, Қазақ Анасы ерліктің де, елдіктің де нұрын сеппесе, біз бүгінде өз Ата Заңы, өз Елтаңбасы, өз Әнұраны, өз Көк Туы бар, әлем мойындаған мемлекет болып айрандай ұйып отыруымыз да неғайбыл еді...

Бейбіт көктемнің таңы атқалы да 71-ші жылға аяқ бастық, бейбітшілік құсының көк аспанда қалықтағанына да – 71 жыл, 71 күз, 71 қыс, 71 жаз.

Біз соғысты көрмедік, бірақ Жеңістің қаншалықты қымбатқа түскенін кіп-кішкентай жүрегімізбен түсіндік.

Бүгінгі ұрпақ бейбіт заман мен мынау дүрбелеңге толы дөңгеленген дүниедегі әрбір тыныш атқан таңымыз үшін аға ұрпақ алдында мәңгі

**ҮІІ Республиканский конкурс сочинений среди учащихся
общеобразовательных школ и средних учебных заведений на патриотическую
тему, посвященную 25-летию Независимости Республики Казахстан**

қарыздармыз. Қан майданда от кешкен, қар жамылып, мұз жастанған, туған жерден бір уыс топырақ та бұйырмаған олардың ерлігі тек шежіре ғана емес, үлкен өнеге.

Жаужүрек, өр рухты дана халықтың ұрпағына Елбасымыздың «Білектің күші, найзаның ұшы бүгіндей қилы заманда ел қауіпсіздігін сақтауда жеткіліксіз. Терең ақыл, асқан білім, біртұтас бірлік қажет» деген сөздері жігерді жанып, қайсар рух беретін жалынды сөздер.

Қасиетті Хадисте «Иманды адам ең әуелі – өзіне қорған, елінің де нағыз қорғаны» деген сөз бар. Діндердің ең әділі – Ислам діні – Бейбітшілік діні. Олай болса, иманды ұрпақ – туып – өскен отбасының, ауылының, Елінің қорғаны. Мен де сондай азамат болып, ел дамуына өз үлесімді қоссам мақсаттарымның бір бөлшегі орындалғаны деп білер ем.